

Әуликөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 67 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 қарашадағы № 246 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 қарашада № 8748 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 201 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 30.11.2020 № 201 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 67 қаулысына (2016 жылғы 16 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6299 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында 2-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар мен 18 жастан асқан мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;"

2 тармағы келесі мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты."

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК